

егемен

Қазықаспан

Үнқатысудың үздік үлгісі

Ресми сапарлардан жазылатын репортаждарда ресми стильге түспей тұра алмайсың. Мысалы, Ресей Федерациясы Федералды Жиналысының Федералдық Кеңесі деп жаңылтпаш жасағандай болғың-ақ келмейді, бірақ өйтпедің тағы жөні жоқ. Көршілеріміз Парламентінің жоғары палатасы осылай аталады. Сонымен, былай: кеше Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы Қайрат Мәмидің Ресей Федерациясына ресми сапарының бағдарламасындағы алғашқы іс-шара Ресей Федерациясы Федералды Жиналысының Федералдық Кеңесінің Төрайымы Валентина Матвиенкомен кездесу болды. Хаттама талабы бойынша бір рет толық жазып алған соң ендігі жерде ресейлік спикердің лауазымын Федералдық Кеңес Төрайымы деп ықшамдаңқырап алуға мүмкіндігіміз бар, бұлардың журналистерінің өзі де Ресей Федерациясы Федералды Жиналысының Мемлекеттік думасын бір-ақ сөзбен Госдума деп айтып, жаза береді.

Валентина Матвиенко – көршілес ел саясатының көкжиегіндегі көрнекті тұлғалардың бірі. Осы жаққа жүрерде Интернеттен қарастырған материалдарымыздың ішінде ғаламторға 2011 жылғы 21 қыркүйекте салынған хабарға көзіміз түскен, сонда РИА Новости агенттігі: «Российские сенаторы в среду, 21 сентября, избрали экс-губернатора Петербурга Валентину Матвиенко спикером Совета Федерации. Впервые в российской истории столь высокий пост заняла женщина», деп жазған екен. Бұл сөзге қосымша түсініктеме қажет те болмас. Оның алдында В.Матвиенконың қатарынан сегіз жыл бойы Санкт-Петербургтегі қиын қаланы қатырып тұрып басқарып бергенін бәріміз білеміз.

Сенат Төрағасы мен Федералдық Кеңес Төрайымының кездесуі жылы шырайлы жағдайда, емен-жарқын күйде өтті. Федералдық Кеңес Төрайымының нағыз іс адамы екендігін Валентина Ивановнаның Сенат Төрағасымен кездесуіндегі сөз саптауынан да айқын аңғаруға болатындай.

Төрайымның сөзінде Қазақстан-Ресей стратегиялық әріптестігінің сан түрлі қырлары айшықты ашылды. Қазіргі таңда екі ел басшылары жиырма бірінші ғасырдағы әріптестік жөнінде жаңа шартқа қол қоюға дайындалып жатқанына, бұйыртса, ол құжатқа

жыл соңына дейін қол қойылып қалатынына дейін айтып тастады. Сауда-экономикалық қатынастар ырғақты дамып, оның ауқымы өткен бір жылдың өзінде 8,5 пайызға артып үлгеріпті. Қазір Қазақстан өңірлері Ресейдің 76 федералдық субъектімен екіжақты байланыс орнатып үлгерген екен.

Жалпы, Ресейде 83 федерация субъектісі бар. Олардың туларын Федералдық Кеңес ғимаратының фойесінен көре аласыз.

В.Матвиенко өз елінің идеяларын да сыналап отыруды ұмытқан жоқ. Сөзді қайырып, қайырып келіп, ортақ Парламент мәселесін де қозғай кетті. 2015 жылы Еуразиялық экономикалық қоғамдастық тарап, оның орнына Еуразиялық экономикалық одақ құрылады, сол кезде қазіргі Парламентаралық Ассамблея тағдыры қалай болуы керек? Бұл мәселені аяқ астынан шешіп тастау мүмкін емес, дұрыс та емес, дегенмен, ұстанымдардың бірте-бірте жақындаса бергені жөн болар еді, біз парламенттеріміз деңгейіндегі сарапшылық жұмысқа бейімделу керек деп санаймыз, дейді Валентина Матвиенко.

Қайрат Әбдіразақұлы өз сөзінде Федералдық Кеңес Төрайымын ұлттық мереке – Ресей күнімен құттықтап, кейінгі кезде елдің қоғамдық-саяси өмірінде ауқымды өзгерістер жасалғанын, мемлекеттілік едәуір нығайып, Ресейдің халықаралық аренадағы беделі арта түскенін атап өтті. «Мәскеуге бұл сапарымды мен Қазақстан мен Ресей арасындағы одақтастық қатынастарды одан әрі дамыту жолындағы ортақ жұмысымыздың тағы бір қадамы санаймын», деді Қайрат Мәми. Расында да, екі ел қатынастарының барлық қырлары бойынша екіжақты тиімді ынтымақтастық мақсатты түрде тереңдетіліп келеді. Қазақстан мен Ресей ынтымақтастығы достық, тату көршілік және стратегиялық әріптестік негізінде жүзеге асырылуда. Нақты мысалмен сөйлер болсақ, тәуелсіздік жылдарында біздің елдеріміз арасында ұзын саны 486 шарт пен келісімге қол қойылғанын, солардың барлығы дерлік халықтарымыздың мүдделеріне нақты жұмыс істеп жатқанын айтқан жөн. Бұл істе президенттер Нұрсұлтан Назарбаев пен Владимир Путиннің арасында талайдан орныққан, уақыт сынынан өткен достықтың да өзіндік орны бары анық.

Қайрат Әбдіразақұлы Қазақстан Парламентінің Сенаты мен Федералдық Кеңес арасындағы тікелей байланыстарға басымдық

берілетінін атап көрсетті. Қос палата арасындағы ынтымақтастық туралы 2012 жылдың наурызында Алматыда қол қойылған келісімге сәйкес арнаулы комиссия құрылып, оның үш отырысы өтіпті, шекаралық ынтымақтастық, ықпалдастық, ғылым мәселелері қаралыпты. Шекаралық ынтымақтастық демекші, осы мәселеде шешімін күтіп тұрған кілтипанды тұстар да табылады. Өзіміз Атырауға жолымыз түскен сайын Жайықтың жағалауы биіктеп бара жатқанына тұнжырап тұрып, қарап-қарап қайтамыз. Жағалаудың биіктегені судың деңгейінің төмендегені ғой. Траншекаралық өзендердің су ресурстарын пайдалану тәртібінде ойласатын мәселелер бары анық. Осы мәселеге арнайы тоқталған Сенат Төрағасы: «Бұл жөнінде бұрынырақта қол қойылған келісімдер тіпті баяу орындалып жатыр, олардың кейбіреулері тіпті ұмытылуға айналды», деп айтып өтті. Қазақстан мен Өзбекстан президенттерінің күні кеше ғана Ташкентте өткен кездесуінде трансшекаралық өзендер сулары тауар ретінде қаралмауы керек деген ой ортаға тасталғаны баршаға белгілі.

Ал енді екі ел парламенттерінің өзара сенімге құрылған үнқатысуына келсек, бұл жағындағы жүрісіміз тағалаған жорғадай дей аламыз. Тіпті мұны үнқатысудың үздік үлгісі деудің де артықтығы жоқ. ТМД Парламентаралық Ассамблеясының аясында қабылданған үш жүзден астам модельдік кодекстер, заңдар, ұсыныстар депутаттар жұмысына көп көмек беріп келеді. Мұның бәрі Кеден Одағы мен Біртұтас экономикалық кеңістікті жетілдіру ісінде ерекше маңызды.

Валентина Матвиенко екі ел парламенттері жоғары палаталарының жемісті байланысына көңілі толатынын, Сенат пен Федералдық Кеңес арасындағы ынтымақтастық жөніндегі комиссияның нақты нәтижелерге қол жеткізіп отырғанын айтып өтті. Қайрат Мәми өз әріптесіне жылы шырайлы кездесу, мазмұнды әңгімесі үшін разылығын білдіріп, парламентаралық ынтымақтастық Қазақстан мен Ресей арасындағы дәстүрлі достықты дамыта түсетінін атап көрсетті.

Кешегі күннің тағы бір үлкен іс-шарасы Сенат Төрағасының «Ұлы Отан соғысы: тарих тағылымы, ортақ жады мен халықтар бауырластығы» деп аталған халықаралық конференцияға қатысып, сөз сөйлеуі болды. Конференцияны Ресей Федерациясы Федералды

Жиналысының Мемлекеттік дума Төрағасы Сергей Нарышкин ашты. Олай болатынының екі бірдей себебі бар. Бірінші себебі – конференцияның мән-маңызын көрсету. Екінші себебі – Мемдума Төрағасының Ресей тарихшылары конгресін басқаратындығы. Тарихи тақырыптағы әңгімеге құлағын түре жүретіндер Сергей Евгеньевичтің бұл саланың үлкен білгірлерінің бірі екендігін жақсы біледі. С.Нарышкин Екінші дүниежүзілік соғыстың қорытындыларын қайта қарауға кетері еместер көбейіп бара жатқандығына арнайы тоқталып, сол сұм соғыстың негізгі салмағы совет солдаттарының иығына салынғанын нақты мысалдармен айтып берді. Ол келтірген мысалдардың біреуін ғана айта кетелік. Соғыста бір ғана өзбек халқынан 400 мың адам қаза тапқан екен, сол соғыста Америка Құрама Штаттарынан да 400 мың адам құрбан болыпты. Құдай сақтасын, біз соғыстағы америкалықтар шығынын азсынып отырған жоқпыз, дегенмен осы жайдың өзі таразы басын салыстыруға да келмейтінін көрсетіп тұрған жоқ па?

Қайрат Әбдіразақұлының конференциядағы шағын да шымыр сөзінің соңында жиналған жұртшылық қол соқпай тұра алмады. «Қазақстандықтар өздерінің қаһармандығы мен ерлігін фашистердің алғашқы соққысы Брест қамалына ұрылған алғашқы сағаттарда-ақ көрсетті. Оны қорғауға толық емес есеп бойынша қазақстандық 480 жауынгер қатысқан. Брест қамалын қорғаушылар қатарында менің әкем – Әбдіразақ Мәмиев те болды» деген сөздерді перзенттік сағынышпен, толқи айтқан тұсында зал бір қозғалып өтті. Сенат Төрағасының сөзінде Қазақстанның Ұлы Жеңіске қосқан үлесі жан-жақты айтылды. Соның бәрін еске салып отыру керек. Мысалы, жауға атылған он оқтың тоғызы Шымкент қорғасынынан құйылғанын басқалар тұрмақ біздің өзіміздегілер бірте-бірте ұмыта беруі де ғажап емес. Біздің республикамызда 12 атқыштар, 4 атты әскер дивизиялары, 7 бригада, 50 полк жасақталған, майданға екі миллионнан астам қазақстандық аттанып, майдан даласында олардың 640 мыңы көз жұмған. Қазақ солдаты жеңісті жолын рейхстаг үстінде жалау желбіретіп аяқтаған.

«Ешкім де совет солдаттарының ерлігі мен қаһармандығын, әлемді нацизмнен құтқаруға қосқан шешуші үлесін сызып тастай алмайды. Біз үшін бұл – аксиома», деп шегелеп айтты Қайрат Мәми.

Кеше түстен кейін, кешке қарай тағы да бірқатар маңызды кездесулер өтті. Атап айтқанда, РИА Новости агенттігінде Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезінің он жылдығына арналған дөңгелек үстел өткізілді, Қайрат Мәми Ресей мүфтилер кеңесінің төрағасы, Ресейдің Еуропа бөлігіндегі мұсылмандар діни басқармасының төрағасы Р.Ғайнутдинмен, Ресей Федерациясы Федералды Жиналысы Мемлекеттік думасының Төрағасы С.Е.Нарышкинмен кездесті. Астанада түн қараңғылығы түскенде аяқталған ол кездесулер жайындағы әңгімені газеттің келесі нөмірінде жалғастырамыз.

Сауытбек Абдрахманов,

Мәскеуден.